

«Жаркент жоғары педагогикалық колледжі» ШЖҚ МКК

Педагогикалық кеңес

Хаттамадан көшірме №2

27.11.2025жыл

Жаркент қаласы

Қатысқандар саны – 88

Күн тәртібінде:

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы

Тыңдалды:

Колледж компланс офицері, өз сөзінде Сыбайлас жемқорлық – мемлекет дамуына, қоғамның қауіпсіздігіне, азаматтардың әл-ауқатына тікелей қауіп төндіретін әлеуметтік құбылыс. Ол мемлекеттік билік органдарына деген сенімді әлсіретіп, экономикалық өсімді тежейді және әлеуметтік әділетсіздікке әкеледі. Сыбайлас жемқорлық – лауазымды тұлғаның қызметтік өкілеттігін жеке басының пайдасы үшін пайдалануы. Оның туындауына келесі факторлар әсер етеді. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қылмыстық кодексе, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң, мемлекеттік бағдарламалар және ұлттық жобалар негізінде жүзеге асырылады.

Негізгі бағыт Колледж қызметкерлерін ақпараттандыру және құқықтық мәдениетті арттыру – түсіндіру сабақтары, семинарлар өткізу.

Колледжде атқарылған жұмыстар қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары өткізілді, этикалық нормаларды сақтау бойынша нұсқаулықтар таныстырылды, мемлекеттік қызмет көрсету процестері цифрландырылды, білім алушыларға адалдық қағидаттарын дәріптейтін сабақтар жоспарды өткізілді. Сенім жәшігіне түскен хаттар қарастырылатынын айтып өтті.

Болашақтағы міндеттер ұйым қызметінің ашықтығын арттыру;

- ішкі бақылау тетіктерін күшейту;
- қызметкерлердің құқықтық сауатын жүйелі арттыру;
- қоғамда «адалдық – басты құндылық» қағидасын қалыптастыру.

Қорытындылай келе Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әр азаматтың белсенді ұстанымы, ұйымдардың ашық жұмыс істеуі және құқықтық мәдениеттің артуы елдің тұрақты дамуы мен тиімді басқарудың кепілі болып табылады. Адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын ұстану арқылы ғана сыбайлас жемқорлықсыз қоғам қалыптастыруға болады.

Шешімі:

- Колледж компланс офицері Д.Масимованың баяндамасы назарға алынсын.
- Топтарда тәрбие сағаттары, кездесулер, тренингтер жоспарға сәйкес өткізілсін.

Кеңес төрағасы

Хатшысы

К.Курабалдиева

А.Әділхан